

**Ақтөбе облыстық мәслихатының  
Ш Е Ш І М І**

**Ақтөбе қаласы**

**№305**

**2015 жылғы 27 мамыр**

**Облыстық мәслихаттың кезекті отыз екінші  
сессиясы жалпы отырысының күн тәртібі  
туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты  
**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Облыстық мәслихаттың кезекті отыз екінші сессиясы жалпы отырысының күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілсін:

1. Облыс әкімдігінің 2014 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есебі.

1) Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамында қабылданған, салық-бюджеттік саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру және 2014 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы облыс әкімдігінің баяндамасы туралы.

*Баяндамашы: А.О.Дәулетова - қаржы басқармасының  
басшысы*

2) 2014 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуын бақылау қорытындылары туралы Тексеру комиссиясы төрағасының баяндамасы.

*Баяндамашы: С.Еңсегенұлы - Ақтөбе облысы бойынша  
тексеру комиссиясының төрағасы*

2. «Ақтөбе облысының энергия үнемдеудің 2012-2015 жылдарға арналған Кешенді жоспары туралы» облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 17 сәуірдегі №114 шешімінің орындалу барысы туралы.

*Хабарламашы: А.Б.Бекниязов - энергетика және тұрғын үй-  
коммуналдық шаруашылығы басқармасы  
басшысының орынбасары*

3. Облыстық мәслихаттың өңірлік және салалық даму жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі туралы.

*Хабарламашы: Б.Қ.Аманбаев – тұрақты комиссияның  
төрағасы*

4. Облыстық мәслихаттың 2014 жылғы 10 желтоқсандағы №250 «2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

*Хабарламашы: Р.Ә.Айдашева - экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы*

5. Есет батыр Көкіұлының мавзолей-кешені (1667-1749) - тарихи-мәдени мұра объектісінің қорғау аймағы, құрылыс салуды реттеу аймағы мен қорғалатын табиғат ландшафты аймағы туралы.

6. «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау аймақтары, құрылыс салуды реттеу аймақтары мен қорғалатын табиғат ландшафты аймақтары туралы» облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 17 сәуірдегі №115 шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

*Хабарламашы: Н.С.Табылдинова - мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы*

7. «Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын арттыру туралы» облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 13 желтоқсандағы №337 шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

*Хабарламашы: Н.Б.Аққұл - табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы*

8. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі Өңірлік комиссияның дербес құрамы туралы.

9. «Облыс әкімі жанындағы мемлекеттік рәміздер жөніндегі ведомствоаралық комиссияның дербес құрамы туралы » облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 13 желтоқсандағы №351 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

10. «Ақтөбе облыстық мәслихатының 2015 жылға арналған жұмыс жоспары туралы» облыстық мәслихаттың 2014 жылғы 10 желтоқсандағы №271 шешіміне толықтырулар енгізу туралы.

11. №26 Темір сайлау округінен депутат С.Е.Айтбаеваның депутаттық сауалы туралы.

12. Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының күн тәртібі мен төрағасы туралы.

**Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**В. ЩЕГЕЛЬСКИЙ**

**Облыстық  
мәслихаттың хатшысы**

**С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА**